

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 74 " Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу Ережесінің әділет органдарының қолдануы жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" бұйрығына өзгеріс және толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2005 жылғы 18 маусымдағы N 160 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 20 маусымда тіркелді. Тіркеу N 3683. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 352 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2010.12.31 № 352 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы азаматтарын құжаттандыру жүйесін жетілдіру мақсатында **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н** :

1. "Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу Ережесінің әділет органдарының қолдануы жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3513 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 74 бұйрығына мынадай өзгеріс және толықтыру енгізілсін:

19-тармағы мынадай мазмұнды абзацпен толықтырылсын:

"Азаматтардың өтініші бойынша, жеке басты куәландыратын құжатты қысқалау мерзімде алу үшін, құжаттарды ақылы негізде жеделдетіп әзірлеуді қолдану мүмкін." ;

21-тармақтағы "10" деген цифрлар "15" деген цифрлармен ауыстырылсын.

2. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы